



АҚПАРАТТЫҚ ХАТ

«PBL&AI: ОҚУ САУАТТЫЛЫҒЫНЫҢ ЖАҢА ТРАЕКТОРИЯСЫ»

тақырыбында өтетін республикалық ғылыми-әдістемелік конференциясына жалпы орта білім беру ұйымдарының басшыларын, орынбасарларын, әдіскерлерін және педагогтерін қатысуға шақырамыз.

I. Жалпы ереже

1.1. «PBL&AI: оқу сауаттылығының жаңа траекториясы» ақын Қадыр Мырза Әлінің атындағы республикалық ғылыми-әдістемелік конференциясының (бұдан әрі – конференция) ережесі шараның мақсаты мен міндеттерін, оны ұйымдастыру және өткізу тәртібін айқындап, конференцияға ұсынылатын материалдарға қойылатын талаптарды, оларды бағалау өлшемдерін анықтап, марапаттау тәртібін белгілейді.

1.2. Ұйымдастырушылар: Астана қаласы әкімдігінің «Әдістемелік орталығы» МКҚК, Қадыр Мырза Әлі атындағы BINOM SCHOOL мектеп-лицейі.

1.3. Конференцияға жалпы орта білім беру ұйымдарындағы барлық пән мұғалімдері қатыса алады.

1.4. Өту форматы: онлайн, офлайн

1.5. Өтетін уақыты: 30.01.2026 ж. сағат 9.00-де

1.6. Өту тілі: қазақша

1.7. Өтетін орны: Қадыр Мырза Әлі атындағы BINOM SCHOOL мектеп-лицейі (Әл-Фараби көшесі, 9/5)

II. Конференцияның мақсат-міндеттері

Мақсаты:

(PBL) технологиясы негізінде пәндік мазмұнды зерделеу арқылы білім алушылардың функционалдық сауаттылығын арттыру және ұлттық құндылықтарды білім беру процесіне интеграциялау.

Міндеттері:

- Педагогтердің ғылыми-шығармашылық әлеуетін дамыту және заманауи педагогикалық парадигмалар мен цифрлық құралдарды (ICT) қолдануға ынталандыру.

- Практик мұғалімдердің зерттеу мәдениетін қалыптастырып, көркем мәтінді талдаудағы сыни ойлау дағдыларын жетілдіру.

- Қадыр Мырза Әлі шығармашылығының философиялық-эстетикалық тереңдігін зерделеп, оны білім беру бағдарламаларына кіріктірудің пәнаралық тетіктерін әзірлеу.

- Ақын мұрасын заманауи оқушының танымдық деңгейіне бейімдеу және оқыту тәжірибесіне инновациялық әдістемелерді енгізу.

- Оқу сауаттылығын арттыруда жасанды интеллект (ЖИ) мен интерактивті платформаларды қолдану арқылы педагогтердің кәсіби дамуына серпін беру.

- Кіріктірілген шығармашылық форматтарды (буктрейлер, медиа жобалар, виртуалды зертханалар) оқу процесінде қолданудың тиімді тәжірибесін жинақтау және тарату.

- Ізденімпаз, жаңашыл мұғалімдердің авторлық әдістемелік жобаларын қолдау және олардың озық тәжірибелерін ғылыми-әдістемелік кеңістікте насихаттау.

III. Конференцияны өткізу және ұйымдастыру тәртібі

3.1. Конференцияны ұйымдастыру және өткізіп, қорытындысын шығару үшін комиссия мүшелері құрылады.

3.2. Комиссия құрамы білім беруді басқару органдарының қызметкерлерінен, ЖОО-ның ғалымдарынан, тәжірибелі педагогтерден, педагогикалық шеберлік кәсіби байқауларының жеңімпаздарынан, қалалық Педагогтер қауымдастығының мүшелерінен, біліктілікті арттыру институттарының қызметкерлерінен құрылады.

3.3. Комиссия құрамы конференция жұмыстарын бағалап, анықтайды.

3.4. Конференцияны өткізу туралы хабарландыруды ұйымдастырушылар үш апта бұрын орталықтың интернет-ресурстарына орналастырады.

3.5. Конференция үш бағыттан тұрады. Педагог бағытты өзі таңдайды.

3.6. Конференцияға қатысу ақылы. Ұйымдастыру жарнасы: 4000 (төрт мың) теңге бір рет төленеді. Төлем Әдістемелік орталықтың реквизиттері (1-қосымшаға сәйкес) бойынша жарнаны жіберіп және төлем бойынша түбіртек (қатысушының атынан төленіп, көшірме қатысушының аты-жөнімен жібереді) жауапты адамдарға Сұраныспен (1-қосымшаға сәйкес) бірге жібереді.

3.7. Конференцияға қатысу үшін Сұраныс пен ақы төлеген түбіртек 23 қаңтарға дейін (барлық құжат қатысушының тегімен сақталу керек) kadyrmyrzaali2026@mail.ru поштасына жіберу керек.

IV. КОНФЕРЕНЦИЯ БАҒЫТТАРЫ:

4.1. I бағыт. «Teach&Share: жобалық оқыту негізіндегі оқу және функционалдық сауаттылықтың жаңа траекториясы» Teach&Share LIVE – тәжірибе алмасу онлайн алаңы.

Конференцияға қатысушыларға Қадыр Мырза Әлінің қолжазба мұрасы мен көркем туындыларын зерттеу, сондай-ақ функционалдық сауаттылық, PBL технологиясы, жасанды интеллект және ұлттық құндылықтар негізінде ғылыми-әдістемелік мақалалар дайындау ұсынылады. Қатысушылар жұмысын 5-7 минутта TEDx форматында қорғайды.

Мақалаларда аталған басымдықтар білім беру кеңістігінде тиімді пайдалану, оқыту мен тәрбиелеу үдерісіне енгізу жолдары, функционалдық және рухани-адамгершілік құндылықтарды қалыптастырудағы маңызы, сондай-ақ әдеби мәтінді талдаудың заманауи әдістері мен инновациялық тәсілдері қамтылуы тиіс. Мақала авторлары жұмыстарында оқу сауаттылығын дамыту, сыни ойлау дағдыларын қалыптастыру, ұлттық құндылықтарды дәріптеу және тұлғалық даму тұрғысынан қарастырып, ғылыми-әдістемелік тұжырымдар мен практикалық ұсыныстар ұсынуы қажет.

4.2. Ғылыми-әдістемелік мақала (үлгі) тақырыптары (PISA – функционалдық сауаттылық – PBL)

1. «Қадыр Мырза Әлі шығармалары негізінде оқушылардың оқу сауаттылығын дамыту: PISA талаптары мен жобалық оқытудың үйлесімі».

2. «PBL әдісі арқылы оқыту: функционалдық сауаттылықты қалыптастырудың ғылыми-әдістемелік моделі».

3. «PISA форматындағы тапсырмалар арқылы Қадыр Мырза Әлі шығармаларын талдау әдістемесі».

4. «Қадыр Мырза Әлі туындыларын оқытуда функционалдық сауаттылықты арттырудың жобалық тәсілдері».

5. «Қадыр Мырза Әлі шығармашылық мұрасы – оқушылардың сыни ойлау және мәтінмен жұмыс жасау дағдыларын дамытудың PISA-бағдарланған ресурсы».

4.3. Ғылыми-әдістемелік баяндамаға қойылатын талаптар:

Баяндама мәтіні 2-қосымшаға сәйкес 5 беттен кем емес, 6 беттен артық емес болуы, тіркеу формасы MS Word мәтіндік редакторы бойынша жазылуы керек. Парақтың параметрлері: қағаз форматы – А4, жоғарғы жиегі – 2,5 см, төменгі – 2 см, сол жағы – 2,5 см, оң жағы – 1,5 см. жоларалық – 1 интервал. Қаріп – Times New Roman немесе KZ Times New Roman, қаріп өлшемі – 14. Қолданылған әдебиеттер (міндетті) мәтінде көрсетілу тәртібіне сәйкес мақаланың соңында жазылады. Регламент – 5-7 минут.

4.4. Бағалау критерийлері:

- тақырыптың өзектілігі мен жаңалығы;
- ғылыми ұстанымдардың нақтылығы, әдеби-теориялық түсініктерді дұрыс қолдануы;
- авторлық жаңашылдық, балама көзқарас, өз пікірі мен ұсынысы;
- тың, креативті идея ұсынуы, педагогикалық-практикалық маңыздылығы;
- сөйлеу мәдениеті, аудиториямен байланыс, уақытты тиімді пайдалануы;
- презентация, кесте, графика, бейнефрагменттердің орынды пайдаланылуы.

4.5. II бағыт. «Үздік PBL кейстері: педагогтер тәжірибесі» Project-Based Lesson – жоба сабақ.

Бұл бағытта білім беру үдерісінде **Project-Based Learning (PBL)** әдісін қолдану арқылы жүзеге асырылған үздік жоба сабақтарын ұсынады.

Педагогтердің оқу мақсаттарына сай жоба тапсырмаларын құрастыру, оқушының зерттеушілік, сыни ойлау, шығармашылық және коммуникативтік дағдыларын дамыту тәжірибелері қарастырылады. Бағыт аясында жоба сабақтарын ұйымдастыру барысында жасанды интеллект құралдарын оқу үдерісін қолдаушы қосымша ресурс ретінде пайдалану тәжірибесіне ерекше назар аударылады. Атап айтқанда, тапсырмаларды дифференциациялау, ақпаратты талдау, визуализация жасау, оқушы өнімін бағалау және рефлексия ұйымдастыруда ЖИ қолданудың педагогикалық негізділігі талданады. Қатысушының зерттеу жұмысы (технологиялық карта, постерлік баяндама, сабақтың кейс-бугы (Case Book), әдістемелік портфолио, рефлексивті есеп тб) 5 (А4) парақтан кем емес, 10 парақтан артық емес болуы керек. Қатысушы жұмысын қорғау барысында цифрлық құралдар, қажет болған жағдайда ЖИ көмегімен әзірленген оқу материалдары мен оқушы жұмыстарын ұсына алады. Таныстырылым уақыты – 7-8 минут.

4.6. II бағытқа ұсынылатын (үлгі) тақырыптар:

1. «PBL әдісі арқылы оқушының зерттеушілік дағдыларын дамыту»
2. «Жоба сабақтағы пәнаралық байланысты ұйымдастыру тәжірибесі»
3. «PBL сабақтарында тапсырмаларды саралау және бағалау тәсілдері»
4. «Оқушы белсенділігін арттыруға бағытталған жоба сабақ үлгілері»
5. «Жоба сабақтағы цифрлық ресурстарды тиімді қолдану»
6. «PBL сабақтарында ЖИ оқу үдерісін қолдаушы құрал ретінде қолдану»
7. «ЖИ көмегімен жоба тапсырмаларын жоспарлау және жетілдіру тәжірибесі»
8. «Оқушы жобасын бағалауда жасанды интеллект мүмкіндіктері»
9. «PBL жобаларында деректерді талдау мен визуализациялауда ЖИ қолдану»
10. «Жасанды интеллект арқылы оқушының зерттеу және шығармашылық әлеуетін дамыту»
11. «PBL сабақтарында оқушыға жекелей оқу траекториясын құру тәжірибесі»
12. «Жоба сабақтағы кері байланыс пен рефлексияны ұйымдастыруда ЖИ қолдану»
13. «PBL және жасанды интеллект: оқушының функционалдық сауаттылығын дамыту»
14. «Жоба сабақтарында академиялық адалдықты сақтауда жасанды интеллект рөлі»
15. «PBL сабақтарын ұйымдастыруда дәстүрлі әдіс пен жасанды интеллекттің үйлесімі»

4.7. Бағалау критерийлері:

- жобаның мақсаты мен міндеттерінің айқындылығы;
- ұсынылған PBL кейстің практикалық құндылығы;

- жоба сабақ құрылымының логикалық жүйелілігі;
- оқушы әрекетіне бағытталған әдіс-тәсілдердің тиімділігі;
- цифрлық құралдар мен жасанды интеллектті педагогикалық мақсатта орынды қолдануы;
- инновациялық және авторлық шешімдердің болуы;
- уақытты тиімді пайдаланып, мазмұнды жүйелі жеткізуі.

4.8. III бағыт. «Кәсіби тәжірибе контексіндегі әдістемелік шешімдер» педагогикалық шеберлік панелі.

Бұл бағыт педагогтердің кәсіби тәжірибесінде қалыптасқан әдістемелік шешімдерді, оқытудағы тиімді тәсілдерді және авторлық әдістерді ұсынуға арналған. Шеберлік панельде сабақ сапасын арттыру, оқыту нәтижесін жақсарту, оқушы қажеттілігіне сай әдістемелік қадамдарды анықтау мәселелері қарастырылады. Бағыт мазмұнында жасанды интеллект құралдарын әдістемелік қолдау тетігі ретінде қолдану тәжірибесі қамтылады. Атап айтқанда, оқу материалын бейімдеу, тапсырмаларды даралау, оқу жетістіктерін талдау, кері байланыс беру, педагогтің кәсіби рефлексиясын ұйымдастыруда ЖИ мүмкіндіктерін тиімді пайдалану жолдары көрсетіледі. Әр педагогке 10 минут уақыт беріледі.

4.9. III бағытқа ұсынылатын (үлгі) тақырыптар:

1. «Сабақ тиімділігін арттырудағы әдістемелік шешімдер»
2. «Оқыту үдерісіндегі қиындықтар және оларды еңсерудің педагогикалық жолдары»
3. «Авторлық әдістемелер: тәжірибе, нәтиже, талдау»
4. «Сыни ойлауды дамытуға бағытталған оқыту тәсілдері»
5. «Цифрлық ресурстарды сабақта тиімді қолдану тәжірибесі»
6. «Жасанды интеллектті сабақта әдістемелік қолдау құралы ретінде қолдану»
7. «ЖИ көмегімен оқу материалын саралау және бейімдеу тәжірибесі»
8. «Жасанды интеллект арқылы оқушының оқу жетістігін талдау және кері байланыс беру»
9. Педагогтің кәсіби рефлексиясы мен өзіндік дамуын қолдауда жасанды интеллект мүмкіндіктері
10. «Оқыту сапасын арттырудағы дәстүрлі әдіс пен жасанды интеллекттің үйлесімі»

Педагогикалық шеберлік панелінің мақсаты мен тақырыбына сай педагогтердің кәсіби тәжірибесінде қолданылып жүрген тиімді әрі инновациялық педагогикалық әдістер ұсынылып, олардың оқу үдерісіндегі нәтижелілігі көрсетіледі. Панель барысында оқытудың әртүрлі әдістері мен тәсілдерін, соның ішінде цифрлық ресурстар мен жасанды интеллект мүмкіндіктерін педагогикалық тұрғыда орынды қолдану арқылы оқушылардың сыни ойлау қабілетін дамыту, шығармашылық дағдыларын жетілдіру жолдары талқыланады. Қатысушылар өз тәжірибесіне негізделген әдістемелік шешімдермен бөлісіп, олардың практикалық тиімділігін дәлелдейді.

4.10. Бағалау критерийлері:

- мақсат пен міндеттердің нақтылығы;
- мазмұнның өзектілігі мен практикалық маңыздылығы;
- ұсынылған әдістемелік шешімдердің тиімділігі;
- жасанды интеллект пен цифрлық құралдарды әдістемелік

тұрғыда негізді қолдануы;

- шеберлік панелінің ұйымдастырылуы;
- интерактивтілік және қатысушылармен кәсіби байланыс;
- ұсынылған тәжірибенің нәтижелілігі.

V. КОНФЕРЕНЦИЯ ҚОРЫТЫНДЫСЫ:

Конференцияға қатысушылар қатысқандығы жөнінде Астана қаласы әкімдігінің «Әдістемелік орталығы» МКҚК атынан Сертификат, Дипломдарымен марапатталады. Қатысушы өз жұмысының мазмұнына, сауаттылығына жауап береді. Уақытынан кешіктірілген жұмыстар қабылданбайды, қайтарылмайды, түсініктеме берілмейді. Талапқа сай жазылған жұмыстар жинаққа енеді. Жинақ екі аптаның ішінде Әдістемелік орталықтың сайтында (<https://astana-modern.edu.kz/>) жарияланады.

Қосымша ақпарат алу үшін +77029079171, +77771449475, +7 7751178221 телефондарына хабарласа алады.

1-қосымша

Астана қаласы әкімдігінің
«Әдістемелік орталығы» МКҚК
басшысы С. Дауешоваға
Қай білім беру ұйымының
Басшысынан?

Сұраныс

«PBL&AI: оқу сауаттылығының жаңа траекториясы» ақын Қадыр Мырза Әлінің туған күніне орай республикалық ғылыми-әдістемелік конференциясына төменде берілген педагогті қатыстыруыңызды сұраймын Конференцияға қатысатын педагог:

Автордың толық аты-жөні (жеке құжатымен)	
Білім беру ұйымының толық атауы	
Мақаланың тақырыбы	
Секция бағыты	
Байланыс телефоны, эл пошта	

Сұраныс білім беру ұйымының атынан бекітіліп,
басшының рұқсатымен жіберілуі қажет

ЕСКЕРТУ: Сұранысты бекітіп, көшірмесін және word құжат түрін жіберуі қажет.

ТӨЛЕМ ТӨЛЕУ РЕКВИЗИТІ:

Мекеменің атауы: Астана қаласы
әкімдігінің «Әдістемелік орталық»
мемлекеттік коммуналдық кәсіпорны
ЖСН/БСН: 070540006188
ЖСК: KZ42722S000006089425
БСК: CASPKZKA
Мекенжайы: Қазақстан Республикасы,
Астана қ., Есіл ауданы, көш.
Қабанбай батыр 33
КБЕ: 16



ЕСКЕРТУ: Мақала, өтінім, төлем жарнасы көрсетілген почтаға бір файлмен жіберілуі тиіс.

МАҚАЛА ЖАЗУ ҮЛГІСІ

(5 (A4) парақтан аз емес, 6 парақтан артық емес)

Арманов Арман Арманович

«№ 121 мектеп-гимназия» ШЖҚ КММ (білім беру ұйым атауы толық)
қазақ тілі мен әдебиеті пәні мұғалімі (ғылыми дәрежесі)
Қазақстан, Алматы қ. (қай өңірден толық жызу)

МАҚАЛА АТАУЫ

Аңдатпа (150-300 сөз)

Мәтін мәтін мәтін мәтін мәтін мәтін мәтін мәтін мәтін мәтін
мәтін мәтін мәтін мәтін мәтін мәтін мәтін мәтін мәтін мәтін
мәтін мәтін мәтін мәтін мәтін мәтін мәтін мәтін мәтін мәтін
мәтін мәтін мәтін мәтін мәтін мәтін мәтін мәтін мәтін мәтін

Мақала құрылымы:

Кіріспе. Мәтін [1], мәтін мәтін мәтін мәтін мәтін мәтін мәтін мәтін мәтін мәтін ...

мәтін мәтін мәтін мәтін мәтін мәтін мәтін мәтін мәтін мәтін мәтін мәтін мәтін ...

Әдебиеттерге шолу. Мәтін [1, 85 б.], мәтін мәтін мәтін мәтін мәтін мәтін мәтін ...

мәтін мәтін мәтін мәтін мәтін мәтін мәтін мәтін мәтін мәтін мәтін мәтін мәтін ...

Әдістеме. Мәтін мәтін мәтін мәтін мәтін мәтін мәтін мәтін мәтін мәтін мәтін ...

мәтін мәтін мәтін мәтін мәтін мәтін мәтін мәтін мәтін мәтін мәтін мәтін мәтін ...

Нәтижелер. Мәтін мәтін мәтін мәтін мәтін мәтін мәтін мәтін мәтін мәтін мәтін ...

мәтін мәтін мәтін мәтін мәтін мәтін мәтін мәтін мәтін мәтін мәтін мәтін мәтін ...

Талқылау. Мәтін мәтін мәтін мәтін мәтін мәтін мәтін мәтін мәтін мәтін мәтін ...

мәтін мәтін мәтін мәтін мәтін мәтін мәтін мәтін мәтін мәтін мәтін мәтін мәтін ...

Қорытынды. Мәтін мәтін мәтін мәтін мәтін мәтін мәтін мәтін мәтін мәтін мәтін ...

мәтін мәтін мәтін мәтін мәтін мәтін мәтін мәтін мәтін мәтін мәтін мәтін мәтін ...

ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

1. Игибаева А.К., Төлеуханова А.Д. Киберпедагогика – педагогика ғылымының инновациялық саласы ретінде // Вестник КазНПУ имени Абая, серия «Педагогические науки». – 2020. – Т. 68. – №. 4. – С. 12-17.
2. Aitbaeva A., Shaigozova Z. Педагогиканы цифрлық дәуірде қайта зерделеу немесе оқыту дизайны мәселелері // Вестник КазНУ. Серия педагогическая. – 2022. – Т. 71. – №. 2. – С. 4-12.
3. Иксатова Б.К., Колумбаева Ш.Ж., Еримова А.Ж. Болашақ бастауыш білім педагогтерінде цифрлық дағды қалыптастырудың басымдықтары // Вестник КазНПУ имени Абая, серия «Педагогические науки». – 2022. – Т. 73. – №. 1. – С. 86-96.
4. Сухова Г.М. Планирование в экономике / Г.М. Сухова, А.А. Григорян. – М.: Печатное слово, 2012. – 248 с.
5. Гранович Д.М. Занимательная теорема Пифагора // Математика в школе. – 2005. – № 3. – С. 15–17

СІЛТЕМЕЛЕР

1. İgibaeva A.K., Toleuhanova A.D. Kiberpedagogika – pedagogika ğylmynyñ innovasialyq salasy retinde // Vestnik KazNPU imeni Abaia, seria «Pedagogicheskie nauki». – 2020. – T. 68. – №. 4. – S. 12-17.
2. Aitbaeva A., Shaigozova Z. Pedagogikany sifirlyq дәuirde qaita zerdelev nemese oqytu dizainy мәseleleri // Vestnik KazNU. Seria pedagogicheskaja. – 2022. – T. 71. – №. 2. – S. 4-12.
3. İksatova B.K., Kolumbaeva Ş.J., Erimova A.J. Bolaşaq bastauyş bilim pedagogterinde sifirlyq dağdy qalyptastyрудыñ basymdyqtary // Vestnik KazNPU imeni Abaia, seria «Pedagogicheskie nauki». – 2022. – T. 73. – №. 1. – S. 86-96.
4. Suhova G.M. Planirovanie v ekonomike/ G.M. Suhova, A.A. Grigorän. – M: Pечатное слово, 2012. – 248 s. Granovich D.M. Zanimatelnaia teorema Pifagora // Matematika v škole. – 2005. – № 3. – S. 15–17.
5. Granovich D.M. Zanimatelnaia teorema Pifagora // Matematika v škole. – 2005. – № 3. – S. 15–17.